

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1504 Жарлығы

" А к т і л е р ж и н а ғ ы н д а "

жариялануға тиіс

(ҮЗІНДІ)

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1) (Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.10.10. N 198 Жарлығымен )

2) (Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.07.05. N 140 Жарлығымен)

3) "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 32, 421-құжат; 2002 ж., N 44, 436-құжат; 2003 ж., N 45, 487-құжат; 2004 ж., N 21, 266-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы ереженің 20-тармағындағы "Ақпарат министрлігі" деген сөздер "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген сөздермен алмастырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Аманшаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет,

Ермек Әмірханұлы ақпарат және спорт вице-министрі,

хатшы,

Қосыбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет,

Есетжан Мұратұлы ақпарат және спорт министрі;

аталған Комиссияның құрамынан: С.Абдрахманов, Ә.А.Асқаров, Д.Қ.Қасейінов шығарылсын;

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 44-құжат; N 39, 396-құжат; 2003 ж., N 18, 180-құжат; 2004 ж., N 4, 50-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Мұхаметжанов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Бауыржан Әлімұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары -  
Мемлекеттік-құқық басқармасының  
бастығы, төраға,

Киселев - Қазақстан Республикасы Парламенті  
Сергей Владимирович Мәжілісінің депутаты,

Қосыбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
Есетжан Мұратұлы ақпарат және спорт министрі;

Жиреншин - Қазақ гуманитарлық-заң  
Қазбек Әбусағитұлы университетінің проректоры,

Қалмырзаев - Қазақстан Республикасы Экономикалық  
Сарыбай Сұлтанұлы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы күрес агенттігінің (қаржы  
полициясы) төрағасы,

Қоғамов - Қазақстан Республикасы Экономикалық  
Марат Шекішұлы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы күрес агенттігінің (қаржы  
полициясы) Қаржы полициясы  
академиясының бастығы;

мына жол:

"Сапарбаев - Қазақстан Республикасы Кедендік  
Бердібек Машбекұлы бақылау агенттігінің төрағасы"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Сапарбаев - Қазақстан Республикасы Қаржы  
Бердібек Машбекұлы вице-министрі - Кеден бақылау  
комитетінің төрағасы";

аталған Кеңес құрамынан: И.И.Рогов, С.Абдрахманов, Б.А.Бұлғақбаев,  
Ж.Д.Егімбаева, М.А.Құл-Мұхаммед, Р.Ж.Мұқашев, Ғ.С.Сапарғалиев, М.К.Сүлейменов  
шығарылсын;

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің  
жанынан Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы ереженің 4-бөлімінің алтыншы  
абзацында "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық  
бөлімі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің  
Мемлекеттік-құқық басқармасы" деген сөздермен алмастырылсын;

5) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері  
жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы  
2 сәуірдегі N 839 Жарлығына(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 92-  
құжат; N 32, 339-құжат; 2003 ж., N 9, 92-құжат; 2004 ж., N 14, 92-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы ереженің 16-тармағында "Мемлекеттік-құқық бөлімі" деген сөздер "Мемлекеттік-құқық басқармасы" деген сөздермен алмастырылсын;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мұхаметжанов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Бауыржан Әлімұлы - Әкімшілігі Басшысының орынбасары -  
Мемлекеттік-құқық басқармасының  
бастығы, төрағаның орынбасары,

Дунаев - Қазақстан Республикасы Қаржы  
Арман Ғалиасқарұлы министрі;  
мына жолдар:

"Федотов - Президент Әкімшілігі  
Виктор Данилович Мемлекеттік-құқық бөлімінің  
мемлекеттік инспекторы, Комиссия  
хатшысы"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Федотов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Виктор Данилович Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық  
басқармасы Құқық қорғау қызметі  
бөлімінің бас инспекторы";

аталған Комиссия құрамынан: И.И.Рогов, Е.А.Досаев шығарылсын;

б) "Жоғары әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 323 өкіміне :

Жоғары әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мұхаметжанов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Бауыржан Әлімұлы - Әкімшілігі Басшысының орынбасары -  
Мемлекеттік-құқық басқармасының  
бастығы, төраға,

Әбілхатаев - Қазақстан Республикасы Президенті  
Марат Кәрімұлы - Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық  
басқармасы Құқық қорғау қызметі  
бөлімінің меңгерушісі,

Бектұрғанов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Ерсұлтан Өтеғұлұлы Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау  
жұмысы және кадр саясаты басқармасы  
Кадр саясаты бөлімінің меңгерушісі,

Бурлаков - Қазақстан Республикасы Парламенті  
Леонид Николаевич Сенатының депутаты (келісім бойынша);  
аталған Комиссия құрамынан: И.И.Рогов, Г.В.Ким, О.Б.Мұхамеджанов, А.С.Судьин  
шығарылсын;

7) **Күші жойылды - ҚР Президентінің 2012.05.08 № 325 Жарлығымен.**

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті*